

"Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 361 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 3132 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 808 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 16.05.2016 № 808 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы А.Қаныбековке жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Д.Сатыбалды

Шымкент қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 1 сәуірдегі
№ 361 қаулысымен бекітілген

"Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік, өнеркәсіп, сауда, сыртқы экономикалық байланыс және туризм салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі үйімдыш-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 160000, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тыныбаев көшесі, № 49.

10. Мемлекеттік органдың толық атауы – "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе,

онда осындай қызметтен алған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: кәсіпкерлік, өнеркәсіп, сауда, сыртқы экономикалық байланыс және туризм салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) сауда саясатын жүргізу ді қамтамасыз ету;
- 3) туристік қызметінің үйлестіру жұмысын жүргізу.

16. Функциялары:

- 1) Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;
- 2) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асыру;
- 3) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 4) өнірде шағын және орта кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз ету;
- 5) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындау;
- 6) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;
- 7) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;
- 8) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытууды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 9) қаланың даму бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында, шет ел әріптерімен қарым-қатынастарды дамыту, экономиканың нақты секторына және әлеуметтік салаға инвестиция тарту жұмыстарын ұйымдастыру;
- 10) Қазақстан Республикасының шет ел елшіліктері арқылы шет ел инвесторларын қаланың өндірістік әлеуетімен таныстыру мақсатында, халықаралық форумдар мен көрмелерге жергілікті тауар өндірушілерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- 11) сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту жұмыстарын жүргізу;

- 12) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;
 - 13) Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес қала рыноктарының санаттарын беру;
 - 14) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;
 - 15) қала аумағында сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлеу;
 - 16) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
 - 17) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру;
 - 18) көрмелер мен жәрменкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;
 - 19) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
 - 20) қала аумағында белгіленбegen орындарда сауда жасаған тұлғаларға орын алған кемшіліктер бойынша ескерту және түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
 - 21) өз құзырет шегінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 202, 204 баптарына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтыру;
 - 22) қала аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру;
 - 23) қала аумағында туризмді дамыту туралы ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асыру және оны облыстық жергілікті атқарушы органдына беру;
 - 24) қалалық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;
 - 25) қала аумағында туристік индустрія объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру;
 - 26) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсету;
 - 27) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру;
 - 28) қаладағы туристік маршруттар мен соқпақтардың тізілімін жүргізу;
 - 29) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
17. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, қала әкімдігінің отырыстарына қатысады;

- 2) "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;
- 3) "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;
- 4) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды ;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыйайлас жемқорлықта қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

23. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлігі коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.